

Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің  
«№24 мектеп-интернаты»КММ

### «Lesson Study»

**2022-2023 оқу жылында «Lesson Study» - зерттеу сабақ сабақтарының жоспары құрылып пән мұғалімдері жұмыс жүргізуде.**

**«Lesson Study» - зерттеу сабақтары**

2 А сыныбында –ағылшын тілі , әдебиеттік оқу пәнінен ,

6 Б сыныпта –Қазақстан тарихы

3А сыныбында әдебиеттік оқу.

3 Б сыныбында қазақ тілі пәні бойынша жүргізілді

Қазіргі уақытта әрбір педагог өз білімін шыңдауды, дамытуды басты мақсатқа қойған.Себебі білім бір орнында тұрмайды, ол үздіксіз дамып отыр. Әр күн сайын біз білі саласында болып жатқан жаңа жаңалықтарды көріп, біліп қолданып жатамыз. Ойлау оңай, әрекет қиын, ал ойды әрекетке айналдыру ең қиын нәрсе. И. Гете.

Сол жаңалықтың бірі –жаңашыл тәсіл- Lesson Study. Lesson Study-мұғалімдердің тәжірибе саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсілі.

Зерттеу сабағын тарих пәні мұғалімі педагог-сарапшы Шолакова Лаззат Бодыковнаның ұйымдастыруымен **6 «Б» сыныбында Lesson Study сабақ өтті.**

**Сабақты зерттеу мақсаты:** Тарих сабағындағы айтылым дағдысын әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы қалыптастыру. Сабақтың тақырыбы: Қыпшақ хандығы. Сабақтың мақсаты: X ғ басы XIII ғасырлар арасындағы – ертедегі түркі мемлекеттерінің даму ерекшеліктерін түсіндіру және олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ашу;

«№24 мектеп-интернатында» шығармашыл топ құрылған, топ құрамында мектептің педагог зерттеуші мен педагог сарапшы ұстаздары. Шығармашыл топ Lesson Study –ге сабақты жоспарлап, оқыту, қадағалау оқыту мен оқуды талдау жасап, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттарды толтырып,бірлесе жұмыс жасады. Lesson Study-дің циклін өткізгеннен соң мұғалімдер арасында педагогикалық кеңесте сабақтан кейін таныстырылым арқылы рефлексиялық есебін өткізіп, баспаға жариялап әріптестерімен бөлісті.

6 б -сынып оқушыларының тарих сабағындағы айтылым дағдысын жетілдіруде диалогтік оқытудың тиімділігі» Зерттеу мақсатым: Оқушылардың айтылым дағдыларын диалогтік оқыту арқылы ойын ашық, толық, нақты жеткізе білуге қалыптастыру және сол арқылы білім сапасын көтеру. Мен осы сабақтарымда әр түрлі әдіс- тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың айтылым дағдыларын жетілдіруді қолға алған болатынымын. Мысалы айтатын болсам «Тұлғаны таны», Топтық тапсырма (постер қорғау), «Ойлан – жұптас – бөліс» Жұптық жұмыс, «Ашық микрофон» «Жариялау» осындай әртүрлі әдістерді қолдану арқылы оқушылардың зейіні тұрақтала бастады. Бір- бірімен қарым- қатынас жасауға,тыңдауға машықтанды. Сонымен қатар айтылым дағдылары қалыптаса бастады. Lesson Study

зерттеуінің бір ыңғайлы және тиімді жері оқушының мүмкіндіктерін ескере отырып, нәтижеге қол жеткізу үшін бірлесіп жоспарлау, бірлесіп қадағалау, бірлесіп талдау арқылы тиімді қадамдар жасауға болатынына көз жеткіздім.

**3 «А» сыныбында әдебиеттік оқу пәнінен «Күй күдіреті» тақырыбында «Lesson study» әдісі бойынша №1 зерттеу сабағы жүргізілді. Жетекшісі: Жунусова А.Н.**

**L.S. зерттеу сабағының мақсаты:** оқушылардың айтылым дағдыларын арттыру. Сабақ үш би атымен ауылдарға бөліну арқылы ұйымдастырылып, билердің шешендік сөздері жатқа айтылып, «Құпия сандық» әдісімен құпияны ашу арқылы, оқушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлаудан басталды. Оқу тапсырмасы «Семантикалық картаны» толтырып, ауызша толықтыру жасау арқылы тексерілді. «Ой қозғау» әдісінде жұмбақ шешіп, сабақ мақсаты хабарланып, күй тыңдау арқылы Жаңа тақырыпты болжау арқылы анықтады. Мәтінмен жұмыс кезеңінде, басты кейіпкерді анықтап, сол туралы бейнематериал көру арқылы, білімдерін толықтырды. Мәтін бойынша «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі арқылы топта жұмыс жасалды. Қосымша тапсырмалар беру кезеңінде «WORDWALL» платформасы қолданылды. Сабақтың қорытынды бөлімінде «Кім жылдам?» ойыны арқылы, «Сөзжұмбақ» шешу сәтті болды.

Сабақта төмендегідей әдістерді қолданды:

1. «Сабаққа кіру билеті»
2. «Сабақтан шығу билеті»
3. «Пазл»
4. «Тез ойла»
5. «Түсініп оқу»
6. «Болжау»
7. «Сөйлемді толықтыр»

Сабақты бақылау, қорытындылауда сабақтың сәтті және сәтсіз тұстары анықталды. Сәтсіз тұсы «Тез ойла» әдісін қолданғанда көрініс тапты. Бұл жерде оқушылар тек ашық сұрақтарға жауап беріп өтті. Ал, сәтті тұстары «Түсініп оқу» әдісінде байқалды. Яғни, мәтінмен жұмыс істегенде, оқушыларды жаңа сөздермен танысып, ойын дұрыс айта білуге, сұрақтар қоя білуге, берілген сұрақты түсініп, нақты жауап беруге үйренді. Мәтінде кездесетін таныс сөздермен, сөз тіркестерімен және жаңа меңгерілген сөздермен сөйлем құрай білуге дағдыланды. Сонымен қатар «Божау» және «Сөйлемді толықтыр» әдістерінде оқушылар ойын нақты жеткізіп, өз пікіріне дәлел келтіріп сабаққа белсене қатысып отырды. Бұл жерде оқушылардың сөйлеу мәнері, өз ойын анық жеткізу, дәлелдей білу сияқты қасиеттері жақсы көрініс тапты.

Қорыта келе, осындай зерттеу сабақтары керек және міндетті түрде ұстаз білімін шыңдап отыру керек деген байламға келдік.

**Келесі 7 А сыныбында жүргізілген химия пәнінен Lesson study зерттеу сабағы** Сабақ беру кезінде әр сыныпта балалардың пәнді қабылдау деңгейі әр қилы болып келеді. Оның үстіне химия пәнін 7 – сыныптан бастаған соң,

әсіресе менің пәнімнен 7 – сыныптардың пәнді игеру деңгейі қиындық келтіреді. Бұл сыныпта химия пәнінен бөлек, басқа пәндерден де пәндік біліктілік қалыптасуы әлсіз болғаны зерттеу барысында байқалды. Сондықтан сындарлы оқыту технологиясымен жұмыстар жүргізетін өзге әріптестеріммен бірлесе жоспарлау арқылы 7 «а» сыныбымен Lesson study сабақтарын жүргізу қажеттілігін анықтадық. Яғни, менің сабақ беретін 7 «а» сыныбымда С – деңгейлі оқушылар біршама көп және оқушылардың химия пәнін игеріп А, В – деңгейлі оқушылармен ілесіп алып кетуі қиындық келтіреді.

*Лессон-стади бойынша зерттеу жұмысымның тақырыбы:*

Химия сабағында «Әр түрлі әдіс тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың ойлау деңгейлерін дамыту.

**Зерттеу жұмысымның мақсаты:** 7- сынып химия сабағында оқушылардың ойлау деңгейлерін дамыту мақсатында әр түрлі әдіс тәсілдер арқылы оқушы деңгейлеріне сай тапсырмалар жасау және бірлескен топтық жұмысты ұйымдастыра отырып өзіндік реттелуіне қол жеткізу.

**Зерттеу жұмысымның міндеті:**

- Ойлау деңгейлеріне сай тапсырмаларды орындату арқылы танымдық ойлау деңгейлерін дамыту.

- Формативті бағалау, өзін-өзі бағалау, бірін бірі бағалау арқылы оқушылардың оқуға ынтасы мен қызығушылықтарын арттыру.

- АКТ-ны пайдалану арқылы қолдана алу дағдысын қалыптастыра отырып уақытты тиімді пайдалану. Тізбектелген 3 сабағымды ө

Тапсырманы игеруге қиындық келтіріп отырған оқушыларға өз қабілеттеріне сай тапсырмаларды бергенде ғана олардың ілгері қарай бейімделіп талпынғанын аңғаруға болады. Сол кезде ғана С – деңгейлі оқушыларымызды В – деңгейлі оқушыларға, ал В – деңгейлі оқушыларымызды А – деңгейлі оқушыларға дейін біліктіліктерін көтеріп жеткізе аламыз. Осындай әдістер арқасында А – деңгейлі оқушыларымызды да талантты және дарынды тұлға қылып қалыптастыра аламыз деп ойлаймын.

Осы орайда, 9 – желтоқсан күні «Ауа. Ауа құрамы» тақырыбымен Lesson study сабағым жүргізілді. Сабаққа тарих пәні мұғалімі Шолакова Л.Б. қазақ тілі мұғалімі Оспанова Ж.Н. қатысты. Сабағымның негізгі жалпы мақсаты – 7.3.1.1-ауа құрамын білу; 7.3.1.2 -заттардың жану кезінде ауаның құрамына кіретін оттектің жұмсалатындығын білу, 7.3.1.3 -атмосфералық ауаны ластанудан қорғаудың маңызын түсіну болды. Сабақ басталарда ұйымдастыру кезеңін жүргізіп, оқушылардың зейінін сабаққа аудардым. Оқушылар шарды үрлеу арқылы тақырыпты өздері ашты. Сабақ барысында learningapps, word wall, classroom screen деген платформаларда оқушы деңгейлеріне сай тапсырмалар құрастырылды. Оқушылар сабаққа белсене қатысып, өз деңгейлеріне сай тапсырмаларды толық орындады.

**2- сабақ тақырыбы: Химиялық элементтердің периодтық кестелерін құру тарихы.**

Сабақтың негізгі мақсаты: 7.2.1.1 -И. Дёберейнер, Дж. Ньюлендс, Д.И. Менделеевтің еңбектерінің мысалында элементтердің жіктелуін білу және салыстыру. Сабақ барысында В – деңгейлі оқушыым периодтық кестені

қандай ғалымдар ашқаны туралы сипаттай алды. Алайда атомдық құрылысы туралы жаза алған жоқ. Ал С – деңгейлі оқушым болса ғалымдардың еңбектері бойынша ғана сәйкестендірумен ғана шектелді. Сыныптағы барлық оқушылар кестені толтырып болған соң, «Білгім келеді» кестесін толтыруға тапсырма бердім. Яғни, ғалымдардың еңбектері туралы әлі де не білгісі келетінін жазуды тапсырдым.

### **3- сабақ тақырыбы: Периодтық кестенің құрылымы.**

Сабақтың негізгі мақсаты 7.2.1.2 -периодтық кестенің құрылымын білу және сипаттау: топтар мен периодтар болды. Сабаққа оқушылар біршама белсенді қатысып отырды. Тапсырмаларды орындау барысында шапшаңдық таныта білді. Сабақ барысында А деңгейлі оқушым белсенділік танытып отырды, Білу деңгейі кезінде жазбаша тест орындау кезінде де, түсіну кезеңінде де Мен нені түсіндім деген сұраққа нақты жауап берді. Оның жауабы сыныптастарына да түсінікті болып отырды, арасында жетелеуші сұрақтар бердім және жабық сұрақ та беріп көрдім. А деңгейлі оқушым барлық сұрақтарға толық дұрыс жауап беріп отырды. Осыдан кейін мен түрткі болатын сұрақ бердім, В деңгейлі оқушым енді сеніммен жауап берді. Талдау кезеңінде А деңгейлі оқушым қол көтеріп жауап берді. Енді бұл тапсырманы орындау барысында кім қандай қиындыққа кездесті деген сұрақ бердім де С деңгейлі оқушымның берілген тапсырманы қалай орындағаны туралы толық тақтада орындап берді. Бақылаудағы А, В, С деңгейлі оқушыларым өз деңгейлеріне сай жұмыс атқарып отырды. Бағалау кезеңінде ойланып шешім қабылдауға үйрету мақсатында тапсырма берілді де логикалық ойлау деңгейі бағаланды. Сабақ ізденістік және бағалау тұрғысынан жоғары деңгейде өтті. Бұл сабақтар барысында критериялды бағалау жүргізіп отырғандағы мақсатым оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен көзқарасын бағалау тәсілдерін әрқилы етіп қолдану арқылы интерпретация жасағым келді

#### **Сабақтағы сәтті тұстарым:**

Оқушылардың берілген деңгейлік тапсырмаларды өз дәрежесінде орындай алды;

- Оқушылар топтық, жеке және жұптық жұмысқа белсене араласа алды, А – деңгейлі оқушылардан көшбасшылық қабілеті шыңдалды;
- Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері дамыды, яғни берілген деңгейлік тапсырмаларға жауап беру кезінде өз ойларын толыққанды жеткізе алды;
- Оқушылардың химия пәніне деген қызығушылығы артты;
- Белсенді әдіс-тәсілдерді сабақта тиімді қолдану барысында оқушылардың танымдық қызығушылығы және білім сапасы артты.

#### **Сабақтағы сәтсіз тұстарым:**

- С – деңгейдегі оқушыларымның сабаққа араласуға енжарлық танытты;
- Өздерінің жасаған жұмыстарын талдағанда оқушылардың тіл байлықтарының аздығы, біршама оқушылар өз ойын жеткізуде қиналып тұрғаны байқалды.

#### **Сабақтағы қауіп қатер тұстары:**

- Оқушылардың өз ойын еркін жеткізе алмауы;

- Сабаққа деген қызығушылығының болмауы;
- Химиялық тілді, теориялық білімді практикамен ұштастыра алмауы.

### **Болашаққа болжам:**

- Сабақта оқушылардың тіл байлықтарын дамытуға ықпал жасау үшін диалогтік оқыту әдістерін қолдану;
- Күрделілігі жоғары деңгейдегі деңгейлік тапсырмаларды беру үшін А, В, С деңгейлі балалармен дамыту жұмыстар жүргізу;
  - Оқушылардың таланттылық, дарындылық қабілеттерін шыңдау; шығармашылық қабілетін дамыту;
  - Оқушыны химия пәні арқылы мамандыққа баулу болды.

### **2 «А» сыныбында «Lesson Study» - «Зерттеу сабақ: тәжірибе алмасу» жобасы аясында жүргізілген сабақ.**

2 «А» сыныбында «Lesson Study» - «Зерттеу сабақ: тәжірибе алмасу» жобасы аясында «The world around us» тақырыбында сабақ өткізілді. Сабақ барысында оқушыларда айтылым дағдысын жетілдіру мақсаты бойынша жұмыстар жүргізілді. Өртүрлі әдіс тәсілдер қолдандым. 1 сабақта Үй тапсырмасына Жаңылтпаш жаттауға бердім. Ол үй тапсырмасын «Word Wall» платформасында тексердім. Балалар жақсы белсенділік көрсетті. Жаңа тақырыпты видео көрсету арқылы бастап, тақырыпты балалар өздері анықтады. Жаңа сөздерді «**Listen and repeat**» әдісі бойынша мұғалім көмегімен қайталанып, дәптерлеріне жазып алды. “**Look, read and write**” әдісі бойынша жаңа сабақты бекіттім.

### **Сабақ соңында берілген ұсыныстар:**

- Жаңа сөз санын азайту
- Ауызша тапсырмалар көбейту

2 сабақта «The world around us: Different places» тақырыбында сабақ өткіздім. «Flexible pace learning» әдісі бойынша бастадым. Үйдің бөліктерін оқушыларға беру арқылы сыныпты Roof және Walls екі топқа бөлдім. «Find the room» әдісі бойынша оқулықтан 46 беттегі 1 жаттығу бердім. Тапсырма бойынша (1. Name the room. 2. Where’s mummy? Where’s grandma and grandpa?) бөлменің атауын тауып, сонымен қатар анасы және ата-әжесі қай бөлмеде орналасқанын табу қажет еді. Балалар осы тапсырманы қатты ұнатып, жақсы белсенділік көрсетті. “Listen and draw lines” әдісі бойынша бүгінгі сабақты бекіттім. Таратпа материал бердім. Балалар суретке карап, ауызша айтып жауап беруге тырысты.

### **Сабақ соңында берілген ұсыныстар:**

- Диалогты қолдану

3 сабақта «The world around us: Where’s it from?» тақырыбында сабақ өткіздім. Алдыңғы екі сабақта өткен жаңа сөздердің көмегі арқылы диалогтық оқыту әдісі арқылы өткіздім. Байқағаным, осы әдіс оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамытуға оң әсерін көрсетті. Сонымен қатар қызықтыру мақсатында ойындар қолдандым. Осы тәсіл де жақсы нәтиже берді. Сабақ барысында 1 және 2 сабақтарда балаларға айтылым дағдысы қиындау келді. Сабақ сайын қайталау арқылы, тілдері де жаттығып, еркін сөйлеуге тырысты. **Мектебімізде осы жылы 4 коучинг өтті, қалалық 2, облыстық 2.**